Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін!
Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек.
Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет.
Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады.
Бұл шынайы жаңару кезеңі болады.
Егемен елімізді бірге өркендетейік!
Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат.
Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!

akorda.kz

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаев Мәжіліс отырысына қатысып, жаңа құрылған Үкімет алдына бірқатар маңызды тапсырмалар жүктеді. Ол ҚР Білім және ғылым министрлігіне бағытталған бірнеше міндеттер туралы айтып өткен еді. Ведомство басшысы Асхат Аймағамбетов президент тапсырмасының орындалатыны жайында өзінің Facebook парақшасында баяндады.

«Президенттің тапсырмасына сәйкес қызметтерін орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің балаларына, жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуы үшін гранттар беру жөніндегі норманы қабылдау жоспарлануда.

Мемлекет тарапынан мұндай қолдау қажетті шара болып табылатынына сенімдімін. Жақында болған қайғылы оқиғалар кезінде біз олардың ерлігінің куәсі болдық, азаматтарды өз өмірлерін аямай қорғады.

Кадр тапшылығы байқалатын және білім сапасында үлкен алшақтық бар өңірлерге үздік педагогтерді тартуға қатысты айтатын болсам, президенттің тапсырмасы бойынша біз қолдау шараларының тиісті пакетімен осы өңірлерге үздік педагогтерді тарту жөнінде арнайы бағдарлама әзірлеп жатырмыз.

Педагогтердің осы салаларда жұмыс істеуіне мүдделі болуы үшін біз жалақының арттыру коэффициентін белгілеу, тұрғын үй беру немесе тұрғын үйді жалға алу құнын өтеу, коммуналдық қызметтерді төлеу өтемақысы және т.б. осы сияқты әлеуметтік қолдау шараларын ұсынамыз.

Мұндай әлеуметтік пакет арнайы рәсімнен өтіп, белгілі бір өлшемдерге сәйкес келетін және белгілі бір мектептерге жұмысқа ауысатын мұғалімдерге беріледі. Нақты іске асыратын кейбір тетіктерін әлі де талқылыйтын боламыз.

Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмалары жоғары білім беруді дамытуға қатысты болды. Тағы бір бағыт — 5 шетелдік ЖОО филиалдарын ашу. Бұл шара отандық университеттер арасында бәсекелестікті арттыруға да мүмкіндік береді. Біз осы бағыттағы жұмысқа кіріскенімізді атап өткім келеді. 2021 жылдың қыркүйегінде Де Монтфорт Лестер Британ университетінің (De Montfort University Leicester) филиалы ашылды. Сонымен қатар, Қозыбаев атындағы университетті Аризона университетіне сенімгерлік басқаруға беру мәселесі пысықталуда. Еліміздің батыс өңірлеріндегі жастардың жоғары білімге қол жеткізуін арттыру үшін онда екі жетекші шетелдік техникалық университеттің филиалдары ашылатын болады. Сондай-ақ, президенттің тапсырмасына сәйкес Ресейдің үздік техникалық университетінің филиалын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Басқа да әлемдік деңгейдегі университеттердің филиалдарын ашу бойынша жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ, білім беру сапасында үлкен алшақтығы бар өңірлерден оқуға түсушілер үшін техникалық дайындық бағыттары бойынша қосымша гранттар бөлу жоспарлануда. Аталған мақсатты гранттар еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында білім алу үшін бөлінетін болады. Бұл ретте негізгі тұрғылықты жері бойынша бітірушілерді жұмыспен қамтуды шарттардың бірі ретінде бекіту ұсынылады.

Ағымдағы жылдың өзінде техникалық дайындық бағыттары бойынша жоғары оқу орындарында оқу үшін гранттар саны айтарлықтай өсетін болады», — деді министр.

ПОРУЧЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА ИСПОЛНЯЕТСЯ

Глава государства К. К. Токаев принял участие в заседании Мажилиса, где поставил ряд важных задач перед вновь созданным правительством. Он рассказал о нескольких задачах, направленных на Министерство образования и науки РК. Глава ведомства Асхат Аймагамбетов доложил о выполнении поручения президента на своей странице в Facebook.

"В соответствии с поручением президента планируется принять норму по предоставлению грантов на обучение в высших учебных заведениях и колледжах детям военнослужащих, сотрудников правоохранительных и специальных государственных органов, погибших при исполнении служебных обязанностей.

Уверен, что такая поддержка со стороны государства является необходимой мерой. Во время недавних трагических событий мы стали свидетелями их подвига, они защищали граждан, не жалея своей жизни.

Что касается привлечения лучших педагогов в регионы с дефицитом кадров и большим разрывом в качестве образования, то по поручению президента мы разрабатываем специальную программу по направлению лучших педагогов в эти регионы с соответствующим пакетом мер поддержки.

Для того, чтобы педагоги были заинтересованы в работе этих сфер, мы предлагаем такие меры социальной поддержки, как установление повышающих коэффициентов заработной платы, возмещение стоимости предоставления или аренды жилья, компенсация оплаты коммунальных услуг и т.д.

Такой социальный пакет предоставляется учителям, которые проходят специальную процедуру и соответствуют определенным критериям и трудоустраиваются на работу в определенные школы.

Ряд поручений Главы государства касался развития высшего образования. Еще одно направление – открытие 5 филиалов зарубежных вузов. Данная мера позволит повысить конкуренцию между отечественными университетами. Хочу отметить, что мы приступили к работе в этом направлении. В сентябре 2021 года открылся филиал британского Университета Де Монтфорт Лестер (de Montfort University Leicester). Также прорабатывается вопрос передачи университета имени Козыбаева в доверительное управление университету Аризоны. Для повышения доступа молодежи к высшему образованию в западных регионах страны будут открыты филиалы двух ведущих зарубежных технических университетов. Также в соответствии с поручением Президента ведется работа по открытию филиала лучшего технического университета России. Ведется работа по открытию филиалов других университетов мирового уровня. Планируется выделение дополнительных грантов по направлениям технической подготовки для поступающих из регионов с большим разрывом в качестве образования. Данные целевые гранты будут выделяться для обучения в ведущих вузах страны. При этом в качестве одного из условий предлагается закрепить занятость выпускников по основному месту жительства.

Уже в текущем году будет значительно увеличено количество грантов на обучение в вузах по направлениям технической подготовки», — сказал министр.

THE PRESIDENT'S ORDER IS BEING EXECUTED

The Head of State K. K. Tokayev took part in the meeting of the Mazhilis, where he set a number of important tasks for the newly created government. He spoke about several tasks aimed at the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. The head of the department, Askhat Aimagambetov, reported on the fulfillment of the president's instructions on his Facebook page.

"In accordance with the instruction of the President, it is planned to adopt a norm for the provision of grants for training in higher educational institutions and colleges to children of military personnel, law enforcement officers and special state bodies who died in the line of duty.

I am sure that such support from the state is a necessary measure. During the recent tragic events, we witnessed their feat, they defended citizens without sparing their lives.

As for attracting the best teachers to regions with a shortage of personnel and a large gap in the quality of education, on behalf of the President, we are developing a special program to send the best teachers to these regions with an appropriate package of support measures.

In order for teachers to be interested in the work of these areas, we offer such social support measures as the establishment of increasing wage coefficients, reimbursement of the cost of providing or renting housing, compensation for utilities, etc.

Such a social package is provided to teachers who undergo a special procedure and meet certain criteria and are employed in certain schools.

A number of instructions of the Head of State concerned the development of higher education. Another direction is the opening of 5 branches of foreign universities. This measure will increase competition between domestic universities. I would like to note that we have started working in this direction. In September 2021, a branch of the British University De Montfort Leicester (de Montfort University Leicester) opened. The issue of transferring the Kozybayev University to the trust management of the University of Arizona is also being worked out. Branches of two leading foreign technical universities will be opened in the western regions of the country to increase the access of young people to higher education. Also, in accordance with the instructions of the President, work is underway to open a branch of the best technical university in Russia. Work is underway to open branches of other world-class universities. It is planned to allocate additional grants in the areas of technical training for applicants from regions with a large gap in the quality of education. These targeted grants will be allocated for training in the leading universities of the country. At the same time, as one of the conditions, it is proposed to consolidate the employment of graduates at their main place of residence.

Already this year, the number of grants for studying at universities in the areas of technical training will be significantly increased," the minister said.

☑ Best Student

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев қаңтар айында Мәжіліс отырысында сөз сөйлеп, Үкімет алдында бірқатар маңызды тапсырмалар жүктеген болатын. Президент ҚР Білім және ғылым министрлігі алдына да білім беру сапасын көтеруге қатысты маңызды міндеттер қойған еді. Осыған байланысты министр Асхат Аймағамбетов Үкімет отырысында берілген тапсырмаларды орындауға кіріскені жайлы баяндай келе елімізде 5 шетелдік ЖОО филиалдары ашылатынын мәлімдеді. «Бұл шара отандық университеттер арасында бәсекелестікті арттыруға да мүмкіндік береді», — деді ол. Сондай-ақ А.Аймағамбетов еліміздің батыс өңірлеріндегі жастардың жоғары білімге қол жеткізуін арттыру үшін екі жетекші шетелдік техникалық университеттің филиалдары ашылатынын да хабарлады. Ақтөбе өңірлік Zhubanov University 30 жылдан бері жоғары білімді техникалық мамандар даярлауды жүргізіп келеді. Мұнда қазір 10-нан астам техникалық ББ бағыттары бойынша мамандықтар оқытылады. Соның бірі "Металлургия" мамандығы. Бұл кәсіпті меңгеруге құлшынатын жастар қатары жыл сайын молаюда. Ал оқу үздігі Армат Жақан болса алдағы жазда металлург маман қатарын толтырмақ. Ол оқуын табысты аяқтап қалды. Тілдескен Гүлнара Қараша.

Армат Жақан
Zhubanov University «Металлургия» мамандығының 4-курс студенті
«Металлургия» мамандығы бойынша ЖОО арасындағы республикалық пәндік Олимпиаданың жеңімпаз команда мүшесі (2-орын 2021ж.)
Шымкент қаласы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өткен Студенттердің республикалық ғылыми зерттеу жұмыстары сайысында «Исследование по переработке и утилизации накопленной пыли от дробления и фракционирования высокоуглеродистого феррохрома» тақырыбымен қатысқан жүлдегері (2-орын 2021ж.)
«Electrical characteristics of charge mixtures for melting rich titanium slag (RTS)» мақаласының авторының бірі (2021ж.)
ҚР Тұңғыш Президенті атындағы шәкіртақы степиданты
«Үздік студент» төсбелгісінің иегері

МЕТАЛЛУРГ БОЛУ — МАҚТАНЫШ

— Армат, өміріңіздің маңызды межесі жақындады. Университетті аяқтап, қолға диплом ұстайтын сәт алыс емес. Өзіңізге қарап отырып, ойыма келген алғашқы сұрақ, металлург мамандығы қандай кәсіп? Бұл мамандар елімізге қаншалықты қажет?

— Металлургия — Қазақстан тарихындағы алғашқы өнеркәсіптің бірі. Бұл жер астындағы кендерді тиімді игеру арқылы, кеннен металл алуға дейінгі жүретін процесс. Металлург осы процестерді іске асырушы негізгі маман. Еліміздің жер қойнауында Менделеев кестесіндегі барлық элементтері кездеседі, ал сол минералдарды пайдаға асыру металлургтердің мойнында. Металлург жұмысы өте қиын жұмыстардың бірі. Жоғары температура аймағында жұмыс жасау әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Металлург болып еңбек етудің өзі, «Металлург» деген кәсіпті алып жүрудің өзі үлкен абырой, ерлік және мақтаныш дер едім. Металлургияның тұңғыш өнеркәсіп орны өзіміздің Ақтөбе қаласында орналасқан «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы — Ақтөбе ферроқорытпа зауыты. Бір өзі өңірдің экономикасын көтеріп отырған өнеркәсіп орны. Металлургия саласына білікті мамандар қашанда қажет.

— Мамандығыңызды игеруде қиындықтар болды ма? Немесе өкініш, бекер оқыған екенмін деген. Мамандық таңдауда кім бас кеңесші болып еді?

— Мамандық таңдау өте үлкен жауапкершілікті талап етеді. Маған бұл жауапкершілікте айналамдағы жақын адамдарымның қолдауы өз әсерін тигізді. Металлург мамандығын таңдағанымда өкініш болмапты. Әрине, кез келген мамандықты игеруде қиыншылықтары мен қызықтары қатар жүреді. Сол қиыншылықтарды еңсеру арқылы өз мамандығымызға деген құштарлығымыз арта берді.

— Студенттік жылдардың ұмытылмас күні деп қай кезеңді есте сақтар едіңіз?

— Студенттік шақ өмірдің қызық кезеңдерінің бірі ғой. Алғашқы курстар балалықпен әр нәрсеге қызығумен өтті. Одан кейін Covid-19 індеті жайлап, әлемдік пандемия келді. Жүрегімізге кірбің салды, тұлғалық дамуымызға кедергі болды. Сосын індет саябырсып, аудиторияға қайта оралдық. Қуаныштан шек болмады. Өйткені қалыпты жағдайда университет қабырғасында білім алу, уақыт өткізу, ол — ерекше болып көрінеді. Мен үшін ең ұмытылмас кезең осы соңғы жылдарым. Ыстық-суықты бірге көріп келе жатқан курстас достарым. Менің бұл ретте жолым болды, олардың әрқайсысы адамгершілігі жоғары жандар. Өзара сыйластығымыз, бауырмашылдығымыз тығыз.

— Үздік оқумен қатар, ғылыммен шұғылданған екенсіз. Бұл сізді белгілі бір мақсатқа жетелейтін жол деп ойлаймын.

— Білім мен ғылым қатар жүреді. Алған білімді ғылым жолында жарату керек. Болашақ жастардың, біздің қолымызда. Игерген біліміміз арқылы біз болашаққа жаңа қадамдар жасаймыз. «Бой емес, ой жарыстыратын заман» қазір. Үнемі ізденістер арқылы жаңаша ойлап, ғылымға жаңалықтар әкелуді жастардың міндеті деген ұстанымдамын.

— Төрт жыл бірге оқып, бірге жүрген достарыңызға, білім беріп, мамандыққа тәрбиелеген оқытушыларға қимастық сезім бар ма?

— Ендігі жарты жыл ішінде студенттік кезеңіміз аяқталады. 4 жылдың қалай өткенін де байқамай қалдым. Бірге оқыған достарға, бізді маман етіп дайындауға күш-жігерін салған оқытушыларға, жалпы оқу орнымызға қимастық сезім бар. Топтастарыммен бірге сабаққа дайындалған кездер, бірге серуендеген уақыттар, шәкіртақы түскен кездегі қуаныш, бәрі кейін тәтті естелік болып қалады.

— Ең биік арманыңыз не? Оған қалай жетемін деп ойлайсыз?

— Негізі арманшылмын. Қиял ұшқыр. Дегенмен арманның орындалуы нақты мақсатқа, оған жету үшін әрекет етуге байланысты екенін білемін. Алда өмір ұзақ. Дәл қазір биік арманым осы деп айта алмаймын. Кезі туғанда көремін. Мен отбасымды өте жақсы көремін, арман-мақсаттарым жаңұя абыройын ескере отырып, болашағыма қатысты жасайтын қадамдарым деп жауап берер едім бұл сауалыңызға.

— Сәттілік тілеймін!

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

БОЛАШАҚТЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңында жариялаған "Тәуелсіздік тағылымы" атты көлемді мақаласында "Жаһандық жаңа трендтердің қатарында болу үшін біз "Болашақ" бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен ғасырдың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін" — деп көрсетті.

Н.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан бұл халықаралық білім бағдарламасының құрылғанына 28 жыл толды. Соңғы жылдары бағдарлама шарттары оңтайландырылып, шетелдік озық білім алғысы келген жастарға кең жол ашылды. Жақында "Болашақ" бағдарламасының кезекті байқауының қорытындысы шығып, жаңа иегерлердің есімдері аталды. Байқауға құжат тапсырған 800 үміткердің 569-ы жеңімпаз қатарынан көрінді.

Ботагөз Керимбаева

Арасында Ақтөбе өңірлік Zhubanov University "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Ботагөз Керимбаева мен Кәсіби даму және мансап орталығының жетекшісі Бақтыгүл Ертлеуова бар. Олар жаңа жыл алдындағы жақсы жаңалыққа өте қуанышты.

"Қазақстан брендіне айналған "Болашақ" бағдарламасы шетелдің беделді жоғары оқу орындарына түсіп, сапалы білім алу – білікті

Бақтыгүл Ертлеуова

маман болғысы келетін кез келген ғалым-ізденушінің арманы екені сөзсіз. Міне мен де осы бір арманыма жеттім. Менің тағылымдамадан (стажировка) өтетін оқу орным Мәскеу қаласы, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Педагогикалық білім факультетінде «Білім және ғылым берудегі менеджмент (Стратегиялық менеджмент және жоғары білім берудегі көшбасшылық. Университет басқару)» мамандығы бойынша тағылымдамадан өтемін, — дейді Бақтыгүл Ертлеуова.

Ал Ботагөз Керимбаева аталған мамандық бойынша тағылымдамадан АҚШ-тың Вашингтон университетінде (The George Washington University) өтетін болады. Тағылымдама мерзімі 12 ай.

Қазір университетте «Болашақ» халықаралық бағдарламасының әр жылдағы онға жуық түлегі қызмет жасайды.

ОБЛАДАТЕЛИ СТИПЕНДИИ «БОЛАШАҚ»

Накануне 30-летия независимости Казахстана Первый Президент Нурсултан Назарбаев в статье «Уроки независимости» отметил: «Для того, чтобы быть на волне современных трендов мы создали программу «Болашак», обучили студентов в лучших университетах мира. В сложные 90-е годы мы оплатили обучение, проезд и проживание студентов. На сегодняшний день подготовлено более 15 тысяч специалистов. Надеюсь, что они почувствуют заботу своей Родины, будут служить на благо страны и оправдают наши ожидания».

Международной образовательной программе, инициированной Нурсултаном Назарбаевым, исполнилось 28 лет. В последние годы условия ее были оптимизированы, открывая широкий спектр возможностей для молодых людей, стремящихся получить передовое зарубежное образование. Недавно были подведены итоги очередного конкурса программы «Болашак» и названы имена новых соискателей. Из 800 претендентов стали победителями 569. Среди них доцент, заведующая кафедрой «Иностранной филологии и переводческого дела» Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова Ботагоз Керимбаева и руководитель Центра профессионального развития и карьеры Бактыгуль Ертлеуова. Они очень рады предновогодней хорошей новости.

«Программа «Болашак», ставшая брендом Казахстана, несомненно, является мечтой любого исследователя, который хочет поступить в престижный зарубежный вуз и стать квалифицированным специалистом. Вот и я достигла этой мечты. Буду проходить стажировку по специальности «Менеджмент в образовании и науке (Стратегический менеджмент и менеджмент в высшей школе)» на факультете педагогического образования МГУ им. М. Ломоносова в Москве», — говорит Бактыгуль Ертлеуова.

Ботагоз Керимбаева будет проходить стажировку по этой специальности в университете Джорджа Вашингтона в США. Стажировка продлится 12 месяцев.

В настоящее время в университете трудится около десяти выпускников международной программы «Болашак».

OWNERS OF THE SCHOLARSHIP «BOLASHAK»

On the eve of the 30th anniversary of Kazakhstan's independence, First President Nursultan Nazarbayev noted in the article “Lessons of Independence”: “In order to be on the wave of modern trends, we created the Bolashak program, trained students at the best universities in the world. In the difficult 1990s, we paid for tuition, travel and accommodation for students. To date, more than 15 thousand specialists have been trained. I hope that they will feel the care of their homeland, serve for the good of the country and meet our expectations.”

The international educational program initiated by Nursultan Nazarbayev is 28 years old. In recent years, its conditions have been optimized, opening up a wide range of opportunities for young people seeking to receive an advanced education abroad. Recently, the results of the next competition of the Bolashak program were summed up and the names of new applicants were announced. Of the 800 applicants, 569 became winners. Among them, Associate Professor, Head of the Department of Foreign Philology and Translation Studies, Aktobe Regional University named after. K.Zhubanova Botagoz Kerimbayeva and the head of the Center for Professional Development and Career Baktygul Ertleuova. They are very happy about the New Year's good news.

“The Bolashak program, which has become a brand of Kazakhstan, is undoubtedly the dream of any researcher who wants to enter a prestigious foreign university and become a qualified specialist. This is how I achieved this dream. I will undergo an internship in the specialty "Management in Education and Science (Strategic Management and Management in Higher Education)" at the Faculty of Pedagogical Education of Moscow State University. M. Lomonosov in Moscow,” says Baktygul Ertleuova.

Botagoz Kerimbayeva will undergo an internship in this specialty at the George Washington University in the United States. The internship will last 12 months.

Currently, about ten graduates of the international program "Bolashak" work at the university.

Region

Арнайы беттер

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

ТАРИХЫ ТҰҒЫРЛЫ-
ТЕМІР АУДАНЫ

«XIV ғасырда Темір өзені тарихи тұлға — Темір атымен тарихтан орын алғанын шежірелер бізге жеткізеді. Міне, осы өзеннің бойындағы «түгін тартса майы шығатын» құнарлы да табиғаты тамаша жерге 1869 жылы (бұл Ақтөбе қаласының іргетасы қаланған мерзімге де сәйкес келеді) Темір қаласының алғашқы кірпіштері қалана бастайды.

Кейін бір жылдан соң Темір Орал губерниясы Темір уезінің орталығына айналады. Оның құрамына Қазыбек, Қарағанды, Ойыл-Қиыл, Қайыңды, Қалмаққырылған, Жем-Темір, Доңызтау-Ақтолқын, Қошқарата, т.б. жалпы саны 17 болыс кіреді. Бұл қазіргі Ақтөбе облысының үштен бірін алып жатқан алып аймақ еді. Сол кездің өзінде мұнда 100 мыңға жуық адам тұрған. Шын мәнінде Темір ауданының тарихы осы кезден басталады.

Темір ауданының аумағынан өтетін атақты Жібек жолының бір тармағында Қарақамыс жәрмеңкесі орналасқан. Көктем мен күзде өздерінің қымбат бұйымдары мен азық түліктерін өткізу үшін Ресей, Өзбекстанның Хиуа және басқа да елдерінен саудагерлер келген. Қарақамыс жәрмеңкесі тауар айналымы жөнінен Ресей империясы көлеміндегі алдыңғы қатарлы он жәрмеңкенің бірі екенін былай қойғанда, мәдени, өнер, спорттық сайыстық ойындарымен, әнші-жыраулардың ашылып, танылуымен де есте қалған деседі.

XIX ғасырдың төртінші ширегінде ауруханасы, жоғары білімді дәрігері, екі кластық орыс-қазақ семинариясы, бай кітапханасы бар Темір XX ғасырдың бірінші жартысында Ақтөбе мұнайының отанына айналды. Жақсымай мен Шұбарқұдықта ең алғашқы мұнай алынып, Жақсымайда тұңғыш рет мұнай айыру зауыты іске қосылды. Осы жылдары Сайым Балмұханов, Ахмет, Құдайберген Жұбановтар, Сақтаған Бәйішев, Рабиға Сыздықова сияқты академиктер Темір топырағында дүниеге келіп, оқып, білім алып, үлкен ғылымға қадам басты. Облыстағы бір ауданның атын иеленіп отырған халық ақыны Нұрпейіс Байғанин, жазушы, сатирик-драматург Жиенғали Тілепбергенов, қоғам қайраткерлері Хамит Құтқожин, Сәлкен Дәуленов, ақын Боранғали Ырзабаев, Қазақстанның халық әртісі, биші Нұрсұлу Тапалова, қазақтан шыққан тұңғыш генерал Жансен

Саламат Аманбаев
Ақтөбе облысы
Темір ауданының әкімі

ҚР Президенті әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың келісімімен, облыс әкімі Ондасын Оразалиннің өкімімен 2021 жылдың 3-наурызында Темір ауданының әкімі болып Саламат Аманбаев тағайындалды.

Ол Алматы халық шаруашылығы институтының, Мәскеу мемлекеттік заң академиясының түлегі. Еңбек жолын Мұғалжар аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер бойынша аға экономисі қызметінен бастаған.

Әр жылдары облыстың салық органдарында жұмыс істеп, Ақтөбе облысы бойынша еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің директоры, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон комитетінің төрағасы болды. Сондай-ақ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментін басқарды.

Темір ауданының әкімі лауазымына тағайындалғанға дейін Ақтөбе облыстық еңбек инспекциясы жөніндегі басқарманың басшысы болды.

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

Кереев, генерал-лейтенант Болат Жанасаев, генерал-майор Болат Шайманов ел мақтанышына айналды.

Темір өңірінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында халықты отырықшылдыққа үйретіп, мешіт салып, медіресе ашып, бала оқыту үрдісі мықты қолға алынды.Темірде Орынборды байы Мәжит мешіт салып, онда Ахмет халфе, Шұбарқұдықта Шилы бойында Досжан ишан, Бабатайда Жиеналы хазірет, Ақсайда Арызбағамбет, Қожасайда Молдағазы сияқты ишандар осындай игі істерімен елдің есінде сақталып қалған ғұламалар. XX ғасырдың бірінші жартысында Темірде педагогикалық және ауыл шаруашылығы техникумдары, медициналық училище, кейін алпысыншы жылдарда индустриялық-педагогикалық техникум ашылып, оларды бітіріп шыққан мамандар, облыс, республика көлемінде жемісті еңбек етіп келеді. Олардың кейбіреуі осы арнаулы оқу орындарынан алған білімдерін әрі қарай жетілдіріп, академик, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары сияқты атақтарға ие болды.

1964 жылы Темір ауданының орталығы Қандыағашқа көшіріліп, аудан әуелі Қандыағаш, кейін Октябрь деп аталды. 1972 жылы наурыз айында орталығы Шұбарқұдық кенті болып, Темір ауданы қайта ашылды. Осы кезден бастап шаңырақ көтерген жаңа отаудың іс-қимылы да жедел жүргізілді. Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру конференциясы, халық депутаттары аудандық кеңесі, оның атқару комитеті құрылды. Көптеген аудандық мекемелер өмірге келді. Ақтөбеден және көршілес аудандардан білікті мамандар келіп, бұрынғы жұмысшы поселкесі Шұбарқұдық орталыққа айналды.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сол кезде республикаға танымал азамат Нұрқожа Орынбасаров, аудандық атқару комитетінің төрағасы болып Павел Иванович Клименко сайланды.

Ауданда ауыл шаруашылығы дамып, қарқынды түрде алға басты. Жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың басында аудандағы 8 шаруашылықта 100 мың га. алқапқа тұқым себілді. Қысқа орта есеппен 200-220 мың қой-ешкі, 40 мыңдай ірі қара, 8 мыңдай жылқы, 600-дей түйе түсті.

Сағындық НИЯНҚҰЛОВ
Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ – ТЕМІРЛІКТЕР МАҚТАНЫШЫ

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы 19 желтоқсанда Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. Жастайынан зерек, білімге құмар болып өскен Құдайберген алғашқыда Оспан ишанның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйренеді. 1918 жылы Електегі екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіргеннен соң, Темір-Орқаш болысының әуелі хатшысы, кейін төрағасы болады.1920 жылы Орынбор қаласындағы "Хусайния" медресесін бітіреді. Араб, парсы, орыс, латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгереді. Сол жылы "Ай" атты журнал ұйымдастырып, оның бетінде М.Горькийдің "Сұңқар туралы жыр", "Дауылпаз туралы жыр", "Хан мен ұлы", т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып жариялаған. Ақындық, жазушылық өнерімен де танылып, өлең, пьеса, т.б. жазған. Мысалы, "Мақпал – Сегіз" дастанының желісі бойынша Жұбанов Тілепбергеновпен бірігіп жазған пьесасы Ақтөбедегі кеңес-партия мектебінің, педагогикалық техникум оқушыларының қатысуымен сахнаға шығарылып, қала жұртшылығына көрсетіледі. "Ай" деген өлеңі жоғарыда аталған журналдың беташары ретінде жарияланды. Көпшілік көкейіне тез қонатын сықақ, фельетондары сахнада, сауық кештерінде айтылып жүрсе, кейбіреулері "Еңбекші Қазақта" жарияланған. 1925 жылы Жұбановтың режиссерлігімен Ақтөбе қаласында М.Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасы қойылады.1920-22 жылдары ауылда мұғалім, 1922-24 жылдары Темір уездік оқу-ағарту бөлімінде басшы қызметін атқарады. 1924-29 жылдары Ақтөбе губерниясы оқу-ағарту бөлімінде басшы қызметтер атқарды, сонымен бір мезгілде Ақтөбе педагогикалық техникумында сабақ берді. Қызметтен қолы бос уақытта өз бетімен білімін толықтырған.

Қ.Жұбанов түркі тілдес республикалардың жаңа әліпбиге көшуіне арналып, 1925 жылы Мәскеуде өткізілген кеңеске қатысып, онда сөз сөйледі. Жаңа әліпбиді енгізу мәселелерімен айналысқан Әзірбайжан ғалымы Ағамалы оғлымен жиі хат жазысып тұрды. 1927 жылдан бастап Жұбанов Санкт-Петербургтегі орыс ғалымдарымен байланыс жасады. Түркі тілдерін зерттеуші академик А.Н.Самойлович, шығыстанушы В.В.Бартольд, тілші ғалым А.В.Щерба, т.б. еңбектерін алдырып оқыды. 1928 жылы Санкт-Петербургтегі Шығыс тілдері институтының (Шығыстану институты) толық курсын бітірді.1929 жылы осы институттың академигі Самойлович басқаратын "Түркітану семинариясына" оқуға түсті. 1930 жылы КСРО Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының аспиранты болды. Н.Я.Марр, И.И.Мещанинов, А.В.Богородицкий, т.б. белгілі тілші ғалымдардан дәріс алды. 1932-37 жылдары ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) профессор, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды.

1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 жылы 3 қазанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының шешімімен ақталды. Қазір Құдайберген Жұбанов есімі Батыс өңірдегі жетекші оқу орны Ақтөбе өңірлік университетіне және сүйікті қаламыздың ең үлкен көшелерінің біріне берілген.

zhubanov.edu.kz сайтынан

Темір аудандық партия комитетінің аппараты.
1972-1985 жылдары аудандық партия комитетінің хатшысы болған Қайырбану Мусалимованың жеке архивінен.

☑ Region

Арнайы беттер

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

ӘКІМ ОРЫНБАСАРЫ-ЖУРНАЛИСТ

Нұрлыгүл Көшекбаева Темір ауданы әкімінің орынбасары қызметіне 2020 жылдың 13-ақпанында тағайындалды. Оған дейін Нұрлыгүл Бердіханқызы облыстық "Aqtobe" телеарнасының директорының орынбасары қызметін атқарды.

Әкім орынбасарының мамандығы — журналист. Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің "Журналистика" мамандығында оқып, бітірген. Журналист бұл күнде тәжірибелі мемлекет қызметкері. Темір ауданының әлеуметтік саласына жауапты. Қиындықтан қаймықпай, барлық уақытта өзекті, жауапкершілікті істі абыроймен алып келе жатқан жұлдызды түлекке мақтаныш сезімімізді жеткізе отырып, әңгіме тиегін ағытайық.

— Нұрлыгүл Бердіханқызы десек салмақты естіледі, бірақ жарасымды, бір үндестік бар. Студенттік аудиторияда отырып, журналистиканың қыр-сырын меңгерген жылдарда әкімдікте қызмет ету мүмкіндігі туралы ойланып па едіңіз?

— Рахмет, апай. Бердіханқызы деген атауға енді үйреніп жатырмын (күліп). Басында «Бердіхан ауылда отыр, мені өз атыммен атаңыздаршы» деп айтушы едім. Ол да болса ауылдан шыққан қазақи тәрбиеден шығар.

Марқұм анамыз кітапханашы қызметін атқарды. Бала кезімізден кітапты жата-жастана өстік. Содан болар шығармашылыққа бейімдеу болып, әу бастан «Журналистика» мамандығын ойша таңдап қойған едім. Бірақ, мемлекеттік қызметкер боламын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірген емес.

— Университеттен кейінгі кәсіби өміріңіз қалай қалыптасты?

— 2004 жылы, 5-шілде күні «Журналистика» мамандығы бойынша дипломды қолға алдық. Қасымда группаласым Жанар Низамутдинова болды. Жанар бұған дейін Атырау қаласына барып «Алтын Орда» республикалық тәуелсіз газетінен тәжірибеден өтіп келген болатын. Екеуміз бірге поезға отырып, менің ауылым Қарауылкелдіге бір күн аялдап, ата-анамның батасын алып, ары қарай Атырау қаласына келдік. Ең алғашқы еңбек жолым сол кездегі атағы жер жарып тұрған республикалық тәуелсіз басылым «Алтын Орда» газетінен басталды. Тура келген күннен бастап жұмысқа қабылдандым.

— Мемлекеттік қызметте журналистік білімнің пайдасы қаншалықты, әлде кейде зияны болып қала ма?

— Мемлекеттік қызметке келуіме тікелей себепкер болған журналистік мамандығым. «Алтын Орда» газетінен кейін Атырау, Ақтөбе облыстық телеарналарының жаңалықтар қызметіне келдім. Соңғысында жүрген кезімде облыс әкімі аппаратының баспасөз қызметіне қазақ тілді маман керек болып жатырғаны туралы ұсыныс түсті. Бағымды сынап көруге бел байладым. Мемлекеттік қызметке тест тапсырып, әңгімелесуден өткеннен кейін, баспасөз қызметіне бас маман болып қызметке орналастым. Бастапқы 1-2 жылдай қиналып жүрдім. Мемлекеттік қызметтің өзінің әдеп нормалары бар, жауапкершілігі жоғары болғандықтан ыңғайсыздық болғанын жасыра алмаймын. Ал базалық журналистік білімім жалпы адамдармен араласуда, ортаға сіңуде т.б. стандартқа сәйкес келмейтін ситуацияларда пайдасы көп болды.

— Темір ауданының құрылғанына биыл 50 жыл толады екен. "Елу жылда ел — жаңа" дейді халық даналығы. Мерейтойда қандай жетістіктерді айтып, қуанғалы отырсыздар?

— Биыл Темір ауданының қайта құрылғанына 50 жыл толып отыр.

— Қызметіңізді бастағалы екі жылға таяған екен. Қай әлеуметтік істерде қолтаңбаңыз бар?

— Өкінішке қарай, қызметке келген жылы бүкіләлемдік пандемия басталды. Бұрын кездеспеген көптеген қиындықтарды бастан кешірдік. Қазір оған да үйреніспіз, жаңа жағдайға бейімделіп кеттік. Негізгі жұмысымыздың бағыты денсаулық сақтау саласы, қауіпсіздікті сақтау, алдын-алу шарасын қамтамасыз етуге бағытталып жатыр. Әрине, мүмкіндікке қарай әлеуметтік саланың барлық қызметі жұмысын тоқтамай жүргізуде. Дегенмен, әлемдік дертпен күресу жұмысымыздың негізгі бағыты болып отыр.

— Әлеуметтік салада ауданның ең басты мәселелері және оларды шешу жолында қандай қарекет жасалынып жатыр?

— Ең алдымен басты басымдылық қоғамның осал топтары, яғни, көп балалы аналар, мүгедек жандар, аз қамтылған отбасылар мен қарттар мен қарияларға жан-жақты әлеуметтік көмек көрсетуге беріледі. Сондай-ақ, ағымдағы жылы рухани дамудың басты көрсеткіші — әлеуметтік нысандарды жаңғыртуға бағытталатын болады. Атап айтқанда аудандық мұражай мен мұрағаттың, кітапхананың, Жақсымай ауылдық округі клубы, Кенкияқ Мәдениет үйі және Шұбарқұдық ауылындағы спорт кешені жанындағы бассейнінің жаңа ғимаратының құрылысының сметалық-жобалық құжаттары дайындалу барысында. «Досжан-ишан» аспан асты мұражай кешені құрылысын аяқтау жұмыстары басты назарда. Темір ауданындағы соңғы он жылдықта қалыптасқан діни ахуал үдерістерін ескере отырып, осы бағытта да кешенді жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар атқарылуда. Жоғарыда сұраған сауалыңызға да жауап деп қабылдауыңызға болады, осы айтқандарымды.

— Ауданда қай маман тапшы? Келгісі келген маманға қандай әлеуметтік көмектер қарастырылған?

— Негізі әр заманның және жергілікті жердің талабына сәйкес мамандыққа сұраныс та әртүрлі боларық анық. Темір ауданында әлеуметтік сала мамандықтары бойынша дәрігер, ауыл шаруашылығы, мұнай-газ өндіру саласы мамандары жоғары сұранысқа ие. Сондай-ақ, технологияның қарқынды дамуына байланысты «Мобилограф», «Видеограф», «SMM» мамандықтарына да сұраныс дамып келеді. Ал менің өзімнің жеке ойым бойынша елімізде болашақта жоғары сұранысқа ие мамандық — ол адамгершілік қасиет деп санаймын.

— Өмірдің қайталанбас алтын шағы, адамның тұлға болып қалыптасуына куә студенттік жылдарға қайта оралсақ. Бір кездегі оқытушыңыз ретінде, сіз менің есімде жастықтың ыстық тіршілігіне қызу араласа қоймайтын, томпиған күйі тыныш отыратын момақан қыз болып қалдыңыз. Ел басқару эмоцияға берілмей, мәселені байыппен шешуге бағыттайтын салқынқандылықты талап етеді ғой негізі. Бүгін шыңдалған, есейген, парасатты жүзіңізге қарап сүйсініп отырмын. Келешегіңіз табысты, абыройлы болсын, қызым!

Гүлнара Қараша

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ ҮЛЕСІ

Болатбек Иманғалиев
Шұбарқұдық гимназиясының директоры

2001 жылдың 1-қыркүйегінде Шұбарқұдық гимназиясының іргетасы қаланып, білім ордасы оқушыларға есігін айқара ашты. Алдымен білікті мұғалімдер мен білімді де өнерлі шәкірттерді іріктеу арқылы ұжым мен контингент жасақталды. Білім ордасын заманауи құрылғылармен жабдықтау, мұғалімдердің білім-білігін көтеру ісі де қарқынды түрде қолға алынды.

Үздіксіз білім беру үшін біздің заманға қажетті нақты арнайы білімдерді меңгерген, ауқымды ақпараттарды қолдана білетін, бәсекеге қабілетті, адамгершілігі мол, дені сау түлек тәрбиелеп, шығаруды мақсат еткен білім ордасының өзекті мәселесі — жоғары мәдениетті, терең білімді және арнаулы ғылым саласына бейімделген оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру.

Облысқа кеңінен танымал болып, республикалық байқаулардың межесін бағындырған мектебіміз оқушылардың аудандық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша «Үздік мектеп», «Үздік орта білім беретін педагогикалық ұйым» конкурсының лауреаты атанып, 15000000 теңге көлемінде сыйақы иеленді.

Оқушылардың облыстық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша III орын, пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша «Үздік инновациялық мектеп», «Үздік ресурстық орталық» атты облыстық байқауының I орын жүлдегері, Ақтөбе облысының орта білім беру ұйымдарының арасында өткен «Биіктерге бірге!» үздік спорттық жобасына қатысып, «М+» типті спорттық жабдықтар кешенін алуға берілген сертификат иегері, білім беру мазмұнын жаңарту бағытындағы шараларды ұйымдастыруға белсенді үлес қосқаны үшін «Робототехника» оқу жабдығын алуға арналған облыс әкімінің 4000000 теңге көлеміндегі грантын иеленген болатын. Бұл – сапалы педагог кадрлармен қамтамасыз етілген Шұбарқұдық гимназиясының педагогикалық ұжымының нақты жоспарға сүйенген іс-әрекеті мен ізденіске толы еңбегінің жемісі деп есептейміз.

Шұбарқұдық гимназиясы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетімен талай жылдардан бері серіктесіп, жұмыс атқарып келе жатыр. Гимназияның 20 жылдық тарихында Иманчиев Асқарбек Ермекұлы, Доскеев Гималин Алтынбайұлы, Шерияздан Талғат Тұрарұлы, Төлепберген Сағын Қуанышұлы, Асанов Жұбаназар Асанұлы, Кенжеғұлова Айболған Кенжеғұлқызы, Абдукаримов Әбдімұрат Махатұлы, Исмагулов Ұзакбай Шаукерұлы, Абенов Дәулет Құсайынұлы, Спивак-Лавров Игорь Феликсович, Утарбаев Совет Игісінұлы т.б. профессор-оқытушылар арнайы келіп, оқушыларымызға дәріс оқып, құнды білімдерімен бөлісті.

Мектебіміз 2019 жылдан бастап техникалық факультеттің «Металлургия және мұнай-газ ісі» және «Физика-математика» мамандығы бойынша филиалы қызметін атқаруда. Филиал жұмысын одан әрі жандандыру, болашақ түлектерге кәсіби бағдар беру мақсатында университет оқытушылары гимназияның 11-сынып оқушыларына танымдық, кәсіби тұрғыдан сабақ жүргізіп тұрады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру, ойлау қабілетін дамыту, дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету, Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында Шұбарқұдық гимназиясының оқушылары түрлі деңгейдегі облыстық, республикалық ғылыми жобалар байқауына қатысып келеді. Оқытушы-профессорлар оқушыларымыздың ғылыми жұмыстарына ғылыми жетекші ретінде пікір беріп, тығыз байланыста. Нәтижесінде мектебіміздің оқушылары пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалардың, аудандық, облыстық, республикалық байқауларының жеңімпаздары атанып, биік шыңдардан көрініп жүр. Оқушылардың 2018-2021 жылдардағы аудандық пәндік олимпиадасында 150 оқушы, облыстық пәндік олимпиадада 30 оқушы, республикалық пәндік олимпиадада 2 оқушы, республикалық қашықтық олимпиадалары бойынша 40 оқушы жүлдегер атанды. «Дарын» ғылыми жобалар байқауынан облыстық деңгейде 10 оқушы жүлдегер атанды. ҚҒА ғылыми-практикалық конференциясынан облыстық деңгейде 13 оқушы, республикалық деңгейде 8 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Дәл қазіргі таңда Шұбарқұдық гимназиясының кадрлық құрамы 56 педагогтен тұрады, оның ішінде 1 педагог-шебер, 16 педагог-зерттеуші, 8 педагог-сарапшы, 12 педагог-модератор қызмет етуде. Гимназияның 56 педагог-қызметкерінің 67 %-ы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің түлектері екенін ерекше мақтанышпен айта аламыз. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудағы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту көрсеткіші – 100%-ды құрайды. Мектебіміз көптілді әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға шетел тілдерін меңгеру деңгейінің сапалық көрсеткіштеріне жетуді талап етеді. Гимназияда осы пәндер бойынша үш тілді курстан өткен мамандар сабақ береді. Білім берудің инновациялық, көптілді моделін жасау мақсатында білім беруді үш тілде жүргізетін пәндер: физика, биология, химия пәндері. «Үш тұғырлы тіл» сабақтар топтамасы аясында «Skleton system» сабағы, «Algorithm» сабақтары өткізіліп тұрады.

Шұбарқұдық гимназиясы педагогтік ұжымының және оқушыларының осындай, айтарлықтай жетістікке жетуінде өңірлік университет үлесі мол, бұл — профессор-оқытушылар құрамымен тығыз байланыс орнатуымыздың нәтижесінің көрінісі.

Шұбарқұдық гимназиясында университет оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын, элективті курстары мен авторлық бағдарламаларын апробациядан өткізу мүмкіндігі, педагогикалық мамандықтар бойынша 4-курс білім алушыларының педагогикалық практикасын ұйымдастыру және оларды мектеп тарапынан жатын орнымен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар екенін ескерте кетейін. Бірлесе атқарған жұмыстарымызға риза көңілімді білдіре отырып, еліміздің білім-ғылым саласын дамыту бағытындағы ортақ мақсат бойынша ынтымақтаса қызмет көрсетуге әзір екендігімізді айтқым келеді.

Арнайы беттерді дайындаған журналист
Гүлнара Қараша

☑ Competition "The best teacher of the university" 2021

Үздіктер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ — 2021» БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ЕСІМДЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ. «КОНКУРСҚА ЕЛІМІЗДІҢ 76 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН БАРЛЫҒЫ 718 ҮМІТКЕР ҚАТЫСТЫ. КОНКУРСТА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ РЕСУРСТАРЫН, ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ, ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛДАРДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР, ӨНЕРТАБЫСҚА ПАТЕНТТЕРДІҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ Т.Б. СИЯҚТЫ КӨРСЕТКІШТЕР БАҒАЛАНДЫ, СОНДАЙ-АҚ ҮМІТКЕРДІҢ ОҚЫТУ САПАСЫ, ОНЫҢ БАКАЛАВРИАТТА, МАГИСТРАТУРАДА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАДА КАДРЛАР ДАЯРЛАУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ», — ДЕДІ ВИЦЕ-МИНИСТР ҚУАНЫШ ЕРҒАЛИЕВ.

ҮЗДІКТЕРДІҢ САНЫ 150. ОЛАРДЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫ 2000 АЕК КӨЛЕМІНДЕ СЫЙАҚЫ АЛДЫ, БҰЛ ШАМАМЕН 6 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ. «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ — 2021» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА АҚШАЛАЙ ЫНТАЛАНДЫРУДАН БӨЛЕК, ТӨСБЕЛГІ ДЕ ТАБЫСТАЛДЫ.

ҚР БҒМ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ БАЗАСЫНДА ӨТКЕНДІКТЕН, ӘР ҚАТЫСУШЫ КОКУРСТЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ АШЫҚТЫҒЫН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК АЛҒАН. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР МЕН ҚҰЖАТТАР ДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА ҚАБЫЛДАНЫПТЫ. КОМИССИЯ ҚҰРАМЫНДА ҮЕҰ, БАҚ, СТУДЕНТТІК ЖӘНЕ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ, ЖОО ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАР БОЛҒАН. КОНКУРС ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОДАН ӘРІ КӘСІБИ ДАМУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖЫЛ САЙЫН, АЛТЫ ЖЫЛДАН БЕРІ ӨТІП КЕЛЕДІ.

ZHUBANOV UNIVERSITY ҒЫЛЫМ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ЛЮДМИЛА МЯСНИКОВА «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ – 2021» КОНКУРСЫНДА УНИВЕРСИТЕТТЕН 11 ОҚЫТУШЫ ҚАТЫСТЫ. 5-І ЖЕҢІМПАЗ АТАНЫП ОТЫР. БҰЛ ӨТЕ ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШ. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ ЖЫЛ САНАП АРТЫП КЕЛЕДІ. УНИВЕРСИТЕТІШІЛІК ІРІКТЕУ КЕЗІНДЕ КОНКУРСҚА ЖАС ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ЖІБЕРУ ЖАҒЫНА ДА КӨҢІЛ БӨЛДІК. НӘТИЖЕСІНДЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫҢ ІШІНДЕ БІР ЖАС ОҚЫТУШЫМЫЗ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ. ҚУАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ», — ДЕЙДІ.

ӨЗ РЕТІНДЕ ҮЗДІКТЕР КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫП, ТОП ЖАРҒАН СӘТІНДЕГІ ҚУАНЫШТЫ КӨҢІЛ-КҮЙЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ.

Мейрамкүл САЙЫМОВА
Zhubanov University Экономика және құқық факультеті "Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ph.D.

Мен 1998 жылдан осы университетті аяқтасымен «Экономикалық теория» кафедрасында алғашқы кәсіби қызметімді бастадым.

Жеңіске жету қарапайым ауылда туып-өскен қыз үшін оңай шаруа емес. Әріптестерімнің алдында да үлкен жауапкершілікті сезіндім. Есейген сайын, ес жинап, әрбір жасалған қимылдың есебі барын естен шығармайсыз.

Бұл конкурста жылдар бойы жинап келген кәсіби тәжірибемнің есебі, еңбегімнің жемісі таразыланды десем болады.

Сонымен қатар конкурстың ынталандыру қоры кез келген қатысушыға мотивация болып табылады.

Басты мақсатым ғылыми бағыттағы жоспарларымды жүзеге асыру. Сондай-ақ, ТОП-500 рейтингісіне кіретін әлемдік университеттердің бірінен тағылымдамадан өту, нәтижесінде ғылыми қорытындылар жасап монографиямды аяқтау.

2016 жылы кафедра жанынан алғаш ашылған «Мансап» Ақтөбе мемлекеттік студенттік қызмет мектебіне жаңа леп беріп, жұмысын қайта жандандыруды қолға алудамын.

Төзімділік пен сабырлылықтың үлгісін көрсеткен өмірлік ұстаздарым бар, оларға шексіз ризамын. Сонымен қатар университетте маған ұстаздық еткен профессор-оқытушы қауымына да алғысымды білдіремін.

Меруерт ЕРЕКЕШЕВА
Zhubanov University Физика-математика факультеті "Информатика және ақпараттық технологиялар" кафедрасының доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты

"ЖОО үздік оқытушысы" республикалық конкурсы білім беру саласында ЖОО оқытушыларына көрсетілетін үлкен қолдау.

Бұл грант еліміздің ЖОО оқытушыларына әлемнің жетекші университеттерінде шетелдік тағылымдамадан өтуге, өздерінің ғылыми және білім беру жобаларын іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл конкурс дәстүрлі және жыл сайын біздің университет оқытушылары да конкурс жеңімпазы атағын жеңіп алып жүр.

Конкурс талабында оқытушы нәтижелері екі бағытқа бөлінген: ғылыми-зерттеу жұмыстары және оқу-әдістемелік жұмыстар. Конкурс талабымен танысқан әр оқытушы, менің де оқытушылық қызметімнің негізгі бағыттары осылар ғой деп, нәтижелерін жинақтап, есептерін дайындары сөзсіз. Менің де конкурсқа қатысуым оқыту және ғылыми-зерттеу нәтижелерін жинақтаудан басталды.

IT-мамандарды даярлаудың бір ерекшелігі— осы саладағы заманауи технологиялар тез өзгереді және технологияларды білім алушыларға уақытында талапқа сәйкес меңгертуміз қажет.

Жаңадан енгізілген таңдау пәндеріне оқу-әдістемелік құралдар, оқу құралдарын дайындадым және соңғы бес жылда 3 оқу құралы РОӘК грифімен баспадан шықты. К.Ушинскийдің "Мұғалім — өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады" қағидасын ұстанамын, шығармашылық жұмыстармен айналысамын. Кезінде өзім бітірген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірінші курстан бастап ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауды үйретіп, студенттік кезден ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу дағдыларын қалыптастыратын. Оқытушылық қызметімде ұстаздарым көрсеткен сол жолмен студенттердің ғылыми- зерттеу жұмыстарына бағыт беріп, жетекшілік етемін. Қазіргі заманның білім алушылары ғылыми әдебиетпен қатар, білімдік электрондық ресурстармен, интернет-ресурстармен жұмыс жасай алуы қажет.

Студенттерді РСҒЗЖ конкурсына, ғылыми-әдістемелік жобаларға жүйелі қатыстырамын. «Программалау технологиясы" үйірмесін жүргіземін. Ғылыми-зертеу жұмыстарымның негізгі бағыттары: программалау және программалық жабдықтарды құру технологиялары, нейрондық желілер және мәліметтерді талдау теориясы. Соңғы үш жылда жалпы 24 ғылыми жарияланымым бар, оның ішінде 3 Scopus базасына енген мақала, ҚРҒБМ БҒСБ (ККСОН) ұсынатын журналдарда 6 мақала, конференциялар жинағында 8 мақала баспадан шықты. 8 БЭР-ға, 1 OnLine білім беру платформасы, 1 программалық құралға авторлық куәлік алын-

ды. Алдымен кафедра, факультеттің ұсынысымен және университет кеңесінің қолдауымен конкурстың бірінші кезеңі — университетішілік сатыдан өттім. Республикалық конкурс нәтижесінен өз фамилиямды көргенде түбінде әділдік жеңетіні рас екен ғой деген ойға келдім.

Болашақта университетте IT саласы бойынша заманауи ғылыми-зерттеу лабораториясында магистрантар және жоғары курс студенттерімен ғылыми және білім жобаларымен айналысуды мақсат қыламын. Кафедрадағы әр әріптесім де өздерінің қызметінің нәтижесін, кәсібилігін көрсете алады және конкурсқа қатысса жеңімпаз болады деп сенемін.

Шынар САГИМБАЕВА
Zhubanov University Физика-математика факультеті "Физика" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ақтөбе педагогикалық институтын (қазіргі Zhubanov University) бітіргесін педагогикалық еңбек жолымды Ақтөбе облысы, Хромтау ауданында орналасқан Қызылқайың орта мектебінде бастадым. 1993 жылдан бері осы университетте студенттермен, магистранттармен, докторанттармен жұмыс жасай отыра, зертханашыдан физика кафедрасының меңгерушісіне дейін жұмыс атқардым.

Ғылыми ортада жүріп, бірнеше жыл бойы ғылыми ізденістермен айналысып, университеттің аспирантурасында оқыдым, содан кейін диссертациялық еңбегімді сәтті қорғадым. Оның жазылуына физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі уақытта ҚР ҰҒА академигі Қуанышбек Шүңкейұлы Шүңкеев жетекшілік етіп, ұзақ, тыңғылықты зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу жүргізілетін өте үлкен қондырғы бұрын 403-ші көлемі кішкентай кабинетте орналасқан еді, вакуумдық сорғы трактор сияқты соғылатын, қорқынышты болғанына қарамастан, вакуумның қалай алынғанын, өзіжазғыш құралдың спектрлерді қалай жазып шығарғанын көру қызықты болды. Бірқатар тәжірибелер кезінде ерекше атмосфера бәрімізді қуаттап, ғылым нәтижелеріне қызықтыра түсті. Әрі қарай зерттеулер арнайы есептеу бағдарламасымен компьютерлік өңдеу және мақалалар жазумен жалғасты. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша мен 2004 жылы, профессор Қ.Шүңкеевтің басшылығымен біздің команда құрамында, Қ.Сәтпаев атындағы сыйлықтың лауреаты атандым және жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер үшін медальмен марапатталдым.

Бірқатар ұстаздарым Ж.А.Сартабановтың, К.Ш.Шүнкеевтің, Ж.Ж.Шүкіровтің, И.Ф.Спивак-Лавровтың, С.Т.Жұбаевтың және басқа да тәлімгерлердің маған кәсіби саладағы қосқан үлестері ғана емес, көрсеткен өмірлік тәжірибелік үлгілерінің арқасында қазіргі нәтижелерге қол жеткіздім, оларға шексіз ризамын.

Мен студенттерге, магистранттарға арналған бейнедәрістер, электрондық оқу құралдарын әзірледім. Студенттерге куратор болдым, қазіргі уақытта магистранттар мен докторанттарға тәлімгермін. Менің түлектерім түрлі оқу орындарында (мектептер, колледждер, ЖОО-лар) және кәсіпорындарда жауапты лауазымдар атқарады. Жыл сайын дипломдық жұмыстарға, магистрлік диссертацияларға жетекшілік етемін, қазіргі уақытта профессор К.Ш. Шүнкеевпен бірге докторлық диссертацияны жүргіземін.

2021 жылы ҚР БҒМ мемлекетінің басым бағыттары бойынша 2020-2021 жылдарға арналған «Табиғи диатомитті шикізатты электрогидравликалық әдіспен байыту технологиясы» (ЖТН AP08955761) тақырыбындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің гранттық жобасын басқаруды аяқтадым. Ақтөбе облысының Мұғалжар кен орнының «Жалпақ» алаңынан кремнийлі кен орындарының шоғырлары табылды.

Диатомит қазіргі уақытта құнды минералды шикізат болып табылады. Оның жоғары кеуектілігі, төмен мәндегі орташа тығыздығы, жақсы адсорбциялық қасиеттері, төмен жылу және дыбыс өткізгіштігі сияқты ерекшеліктері өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және басқалардың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Диатомитті қолданудың қиындықтарының бірі — табиғатта ол сазбен араласады, оны бөліп алу керек. Жобаның басты мақсаты — табиғи диатомит шикізатын электрогидравликалық әдіспен тазарту. Диатомитті байыту және патент алу мәселелерін шешу үшін практикалық қолданудың кең спектрі бар электрогидравликалық қондырғыны құру мүмкін болды.

Сондай-ақ ҚР БҒМ желісі бойынша 2020-2022 жылдарға арналған «Сілтілі-галоидты кристалдар негізінде функционалдық материалдардың люминесцентті сипаттамаларын жақсарту мақсатында электрондық қозудың сәуле шығару релаксациясына бағытталған әсер ету» (AP08855672) тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасының орындаушысы болып табыламын.

Менің көп жылғы еңбегімнің нәтижесі — бұл 2 монография, 1 электрондық оқу құралы, 8 патент және 120-дан астам ғылыми жарияланым. Scopus дерекқорында дәйексөздеу бойынша Хирш h-индексі 6-ны құрайды.

8D053-Физика (6D060400-Физика) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысымын.

Мәртебесі жоғары конкурста жеңімпаз атануымды лайықты табысым деп ойлаймын. Бұл марапат маған тағы да жігерлене еңбек етіп, отандық ғылым саласының дамуына үлес қосуыма мүмкіндік береді.

Айгүлден ТОҒАЙБАЕВА
Zhubanov University Педагогика факультеті "Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

«ЖОО Үздік оқытушысы» конкурсына алғаш рет қатыстым, осыған дейін түрлі деңгейлердегі сайыстарға, конкурстарға қатынасқанмен мұндай үлкен додаға алғаш түстім. Нәтижесі зор еңбекпен келетін конкурсқа түсуден бұрын, өз-өзімнен есеп алдым, дайын екенімді сездім, тіпті конкурсқа әзірлік барысы ішкі реттеу мен бақылау жасауыма көп себебі болды.

Жоғары оқу орнында 21 жылдан бері, тұрақты осы университетте еңбек етіп келемін. Педагогтік ұстанымым барлық ұстазға тән болуы керек қарапайым тілек қана, ол — шәкіртімнің өзімнен озғанына қуану. Шәкіртімнің, Абайша айтқанда, кірпіш дүниенің тетігін таба алуына демеу болу. Ал конкурсқа қатысудағы мақсатым тұлға ретінде кәсіби дамуым мен кәсіби өсуіме жаңа мүмкіндіктер ашу болатын.

Конкурсқа мақсаты анық кез келген оқытушы қатыса алады. Адамның мақсаты деген — өмірде нақты нысананы көздейтін, орындалу мүмкіндігі басым бағыты. Оның үстіне алға қойылған мақсат күмәнсіз болуы керек. Әрі қарай оған жету адамның жеке жауапкершілігіне байланысты.

Бір сәтке де босаңсу танытпай (жалқаулыққа жол бермей), жоспарлы түрде әрекет еткенде ғана нәтижелерге қол жетеді. Қазіргі таңдағы қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтың жеке тұлға ретіндегі бейнесі, кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. Оқу орындарында педагог білім беру үдерісін жаңартудағы басты тұлға. Бүгінгі өмір талабына сай лайық білім беру саласын түгел трансформациялаудың қарқынды жүріп жатырған тұсында бұл туралы айту да артықтау болар.

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықты құрайтын маңызды сипатқа ие екендігін білеміз. Болашақ ұрпағымыздың білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі үшін сапалы білім берілуі негізгі алғышарт болып табылады. Осы үшін де сапалы білім беруді, аралас форматта тиімді оқу процесін ұйымдастыруға ат салысуымыз қажет. Ендеше педагог оқу үдерісін ұйымдастырушы қызметін лайықты атқаруы үшін өзінің кәсіби әлеуетін үздіксіз көтеріп отыруы керек. Оқуды, ізденуді тоқтатқан жағдайда мұғалімдердің, оқытушылардың беделі жойылады. Сол себепті де ең алдымен кәсіби әлеуетімді көтеруге бағытталған жоспар бойынша тұрақты жұмыс жасауды жоспарлаудамын.

Динара РАМАЗАНОВА
Zhubanov University Педагогика факультеті "Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру"кафедрасының аға оқытушысы, Ph.D.

Өткен, 2021 жыл жетістігі мол, табысты жыл болды. Наурыз айында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де диссертациялық жұмысымды сәтті қорғап, философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алдым. Енді міне «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы — 2021» байқауының жеңімпазы атанып отырмын.

Конкурстағы жеңісімді педагогтік қызметімдегі, жас оқытушы ретінде, үлкен кәсіби жетістігім деп бағалаймын. Жыл сайын, дәстүрлі түрде өткізілетін конкурсқа қатысу қиынға соқпады. Алдымен конкурстың талаптарымен таныстым. Конкурс Ережесіне сай құжаттарымды рәсімдедім. Дайындық барысында еңбек жолымдағы нәтижелі тұстарды байқадым. Үлкен жауапкершілік сезімін басымнан кешіре тұрып, өзімді осы бәйгеде сынап көргім келді.

Әрине, конкурсқа қатысу кезінде топ жарсам деп үміттенгенім рас, алайда дәл қазіргі жоғары оқу орнының оқытушыларына арналған, жоғары кәсіби мәртебе беріп, қомақты материалдық көмек көрсетілетін осы конкурсқа алғаш қатысып, жеңімпаз атануым күтпеген тосын сый болды. Бұл ЖОО-дағы кәсіби педагогикалық қызметімде жалықпай еңбек етуім, ғылыми ізденістерімнің нәтижесі, мақсатымды жүйелі жоспарлай алғанымнан деп, өз-өзіме есеп бере отырып, өзімді бағалай түстім. Бұл жеңіс шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беру саласында әрі қарай аянбай еңбек етуіме, алға қарай әлі де кәсіби дамуыма, ғылыми жетістіктерге қол жеткізуге ынталандыра түсіріп, сенімділік сыйлауда.

Болашақтың білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық. Сондықтан да еліміздегі білім мен ғылымды дамытуға үлес қосу, әлі де толағай табыстарға жетуді армандаймын, мақсат тұтамын.

Бұл конкурстың ең мықты тұсы, оқытушыларды білім мен ғылымды дамытуға ынталандыру мақсатында ұйымдастырылады.

Білім, ғылым саласында өркениетті дамыған елдермен терезесі тең болуды мақсат еткен еліміздің білім саласы да қоғам талабынан туындап жатқан өзгерістерге төтеп беруде, сол өзгерістерге дайын болуымыздың өзі үлкен абырой, бұл — әр педагогтің біліміне, біліктілігіне сенімін білдіреді деп ойлаймын. Конкурсқа қатысудың тиімділігі өзінді өзгелермен салыстыра отырып тәжірибе алуға, алдағы жұмыс жоспарыңды жүйелеуге септігін тигізеді. Бұл жетістігімді ертеңгі жеңістерімнің баспалдағы деп қабылдадым.

Г.Дауылбайқызы

☑ The international cooperation

НАУЧНЫЙ КОНСУЛЬТАНТ – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ПРОФЕССОР

В рамках меморандума о сотрудничестве в области образования Zhubanov University поддерживает тесные связи с Балтийской международной академией Латвии. С целью привлечения иностранных специалистов в образовательную деятельность факультетом «Экономики и права» был приглашен профессор, доктор экономических наук Александр Александрович Машарский.

Опыт работы зарубежного ученого в научной и педагогической деятельности в сфере высшего образования составляет более 40 лет. С 1992 по 1996г.г. он работал в Торговом банке в должностях начальника отдела Ценных бумаг и заместителя начальника Управления экономического анализа и развития. С 2013 по настоящее время является членом советов бакалаврской программы «Управление финансами», магистерской программы «Международные финансы», с 2014 года является членом и с 2022 председателем Совета докторской программы «Региональная экономика и экономическая политика» Балтийской международной академии. Член редакционных коллегий журналов «Advances in Economics and Business (USA), «European Cooperation" (Варшава), «Финансы Украины» (Киев).

Связь с Zhubanov University зарубежный профессор начал с педагогической деятельности. По совместительству в 2019-2020 учебном году он преподавал студентам кафедры «Экономика и менеджмент». Также ученый утвержден иностранным руководителем жубановцев Семенихиной К. В., Султановой А. В., готовящихся к защите докторской степени. Латвийский коллега публикуется в соавторстве с педагогами ВУЗа в научной периодике. В 2021 году была опубликована статья на тему «Мировой опыт цифровой трансформации промышленности» совместно с к.э.н., доцентом кафедры А. А. Курманалиной, принимал участие в научных конференциях Zhubanov University.

В свой декабрьский визит в Zhubanov University Александр Александрович Машарский провел с профессорско-преподавательским составом факультета мастер-класс по «Практике дистанционного образования в условиях пандемии», научный семинар для докторантов и магистрантов по «Методологическим проблемам экономических исследований».

С зарубежным коллегой беседовала Гульнара Караша

— Вы часто приезжаете в наш университет. Скажите, от такого обмена опытом лично для себя получаете пользу?

— Да, конечно. Это мой второй приезд в Zhubanov University. Впервые я познакомился с вашим ВУЗом в 2019г. Сотрудничество с авторитетным учебным заведением Казахстана — это возможность познакомиться с новым опытом организации, содержанием и направлениями учебной и научной работы, установить отношения с новыми коллегами, обсудить и наметить планы сотрудничества наших вузов. Во время первого посещения я участвовал в двух научных конференциях, опубликовал статью в университетском сборнике. Тематика работ здешних аспирантов и научных проектов кафедры «Экономики и управления» по миграции и цифровой экономике высоко актуальна латвийским ученым. С ноября 2021 г. я приступил к работе научного консультанта для аспирантов-жубановцев. Деятельность по этим направлениям несомненно поможет и в научных исследованиях с моими докторантами в Балтийской международной академии.

— Ваше научное направление современное, актуальное во все времена. Изучаете ход экономики субъектов. Во время своих исследований обращаете внимание на развитие экономики Казахстана?

— Латвия и Казахстан имеют многолетнюю историю сотрудничества, в том числе и в образовании. В Балтийской международной академии в докторантуре по «Региональной экономике и экономической политике» обучались и успешно защитили докторские диссертации по экономике Казахстана три казахстанских студента.

В 2019 году в вашем вузе читала лекции по направлению «Маркетинг» доцент академии Екатерина Евгеньевна Вознюк. Она участвовала в научном консультировании двух успешно защитившихся аспирантов из РК, в том числе по «Экономике и управлению народным хозяйством».

Профессор Балтийской международной академии Жанна Леонидовна Цауркубуле руководила докторантом, успешно защитившим докторскую диссертацию по «Региональной экономике», в 2021 году прочитала цикл лекций по «Менеджменту» в Восточно-Казахстанском университете им. С. Аманжолова в г. Усть–Каменогорск.

В июне 2019 года я участвовал в международном круглом столе, организованном в БМА при участии посольства РК в Латвии и Литве, по развитию экономических отношений между Казахстаном и Европейским Союзом. Работа научным консультантом с вашими аспирантами также связана с экономикой Казахстана.

Стоит добавить, что сотрудничество идет и в культурной области. Так, в октябре 2021 года в нашей академии прошла художественная выставка «Латвия – Казахстан» при содействии Посольство Казахстана в Латвии и Союза художников Казахстана.

— Вы предоставляете методологические советы казахстанским коллегам изучающим экономику. Что нового рассказываете им?

— Я не профессиональный философ и методолог, но уйти от методологических проблем, занимаясь научной работой, невозможно. Философия меня интересовала со студенческих лет, был повод обобщить и систематизировать достигнутое понимание методологических проблем экономических исследований при подготовке и выступлениях на регулярно проводимых в Балтийской международной академии межвузовских методологических семинарах.

Обсуждение этих проблем и возможных путей их решения с преподавателями, аспирантами и магистрантами вашего вуза помогло мне улучшить их понимание. Новым, возможно, стала их иллюстрация на примере исследований, учитывающих специфику латвийской экономики и ее финансовой и банковской систем.

— Расскажите о своем университете, где трудитесь. Много

ли желающих учиться по специальности экономиста? Востребована ли эта специальность в вашей стране?

— Балтийская международная академия, с момента открытия которой 16 марта 2022 года исполняется 30 лет, является крупнейшим частным вузом Латвии.

У нас предлагаются аккредитованные в Латвийской Республике и признаваемые во всем мире 26 программам и 8 направлениям обучения всех уровней, по которым учатся более 2000 студентов, в том числе 500 иностранных студентов из 30 стран мира.

Высокий спрос на экономическое образование, имевший место в 90-х и начале 2000-х г.г., сегодня сократился, но он остается устойчивым на экономические, управленческие и финансовые программы нашего и других вузов Латвии. По докторской программе «Региональная экономика и экономическая политика» в Балтийской международной академии учились и учатся студенты из Казахстана, Узбекистана, Литвы, России, Тайваня, Камеруна, Пакистана и Кот-д'Ивуа́ра.

В планах сотрудничества наших вузов участие преподавателей и студентов в международных научных конференциях, летних финансовых школах, совместные научные проекты и подготовка научных публикаций, обмен преподавателями и студентами, возможность организации стажировок преподавателей и программ двух дипломов для студентов по Экономике и управлению.

— Спасибо за ответы. Желаем плодотворного сотрудничества с Zhubanov University!

☑ Main news

ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОР КОНСТАНТИН ЦХАЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАДЫ

Университет ғылыми кеңесінің кеңейтілген қорытынды отырысында Жұбанов университетінің ректоры Лаура Қарабасова құрметті ұстаз, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, ректордың кеңесшісі Константин Цхайға «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Құрметті профессоры» медалін табыс етті.

Константин Цхай — облысқа белгілі қоғам қайраткері. Ақтөбе облысының Құрметті азаматы, Ақтөбе облысы корейлер қауымдастығының негізін қалаушы және төрағасы болып табылады. «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрмет грамотасымен және «Бірлік» алтын медалімен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің, Қазақстан Конституциясының, Астана (Нұр-Сұлтан) қаласының мерейтойлық медальдарымен марапатталған, 2006 жылы «Жыл адамы» атанған. 2007-2012 жылдары Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты болды.

Оның педагогикалық жолы Мәскеу физика-химия ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын бітіргеннен кейін басталды. Сәл уақыт Қызылорда облысындағы орта мектепте мұғалім болып істеген соң, 1967 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына, қазіргі Жұбанов университетіне оқытушылық қызметке келді. Константин Валентинович содан бері өткен 54 жыл ішіндегі университетте орын алған білім беру саласындағы барлық реформалар мен оқиғалардың куәгері.

Ол бар ғұмырын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағын кәсіби тәрбиелеуге арнады. К.В.Цхай халықаралық және республикалық журналдарда 60-тан астам ғылыми мақалалар жариялады. Оның жүздеген шәкірттері Қазақстанның түрлі оқу орындарында сабақ береді.

ПОЧЕТНЫЙ ПРОФЕССОР КОНСТАНТИН ЦХАЙ ЗАВЕРШИЛ ПЕДАГОГИЧЕСКУЮ КАРЬЕРУ

В ходе итогового расширенного заседания ученого совета университета ректор Zhubanov University Лаура Карабасова вручила уважаемому педагогу кандидату физико-математических наук, доценту, советнику ректора Константину Цхай медаль «Почетный профессор Актюбинского регионального университета им.К.Жубанова».

Константин Цхай — известный общественный деятель региона. Почетный гражданин Актюбинской области является основателем и председателем «Ассоциации корейцев Актюбинской области». Обладатель медали «Ерен еңбегі үшін» и нагрудного знака «Ы. Алтынсарин», Почетной грамотой и золотой медали «Бірлік» Ассамблеи народа Казахстана, юбилейных медалей Независимости Республики Казахстан, Конституции Казахстана, Астаны (Нур-Султана). "Человек года" 2006 года. В 2007-2012 годах - депутат Актюбинского городского маслихата.

Его педагогический путь начался после окончания аспирантуры в Московском Научно-исследовательском физико-химическом институте. Проработав учителем средней школы в Кызылординской области, в 1967 году он начал трудовую деятельность в Актюбинском педагогическом институте, ныне Zhubanov University.

Константин Валентинович очевидец всех образовательных реформ и событий, произошедших в ВУЗе за эти годы. 55 лет своей жизни он отдал профессиональному воспитанию нескольких поколений казахстанцев. К.В.Цхай опубликовал свыше 60 научных работ в международных и республиканских журналах. Сотни его учеников преподают в учебных заведениях Казахстана.

HONORARY PROFESSOR KONSTANTIN TSKHAI COMPLETED HIS TEACHING CAREER

During the final extended meeting of the academic council of the university, the rector of Zhubanov University, Laura Karabasova, presented the respected teacher, candidate of physical and mathematical sciences, associate professor, adviser to the rector Konstantin Tskhai, with the medal "Honorary Professor of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov".

Konstantin Tskhai is a well-known public figure in the region. Honorary citizen of the Aktobe region is the founder and chairman of the Association of Koreans of the Aktobe region. Winner of the medal "Eren Enbegi Ushin" and the badge "Y. Altynsarin", Certificate of Honor and gold medal "Birlik" of the Assembly of the People of Kazakhstan, commemorative medals of Independence of the Republic of Kazakhstan, the Constitution of Kazakhstan, Astana (Nur-Sultan). "Person of the Year" 2006. In 2007-2012, he was a deputy of the Aktobe city maslikhat.

His pedagogical path began after completing his postgraduate studies at the Moscow Scientific Research Institute of Physics and Chemistry. After working as a secondary school teacher in the Kyzylorda region, in 1967 he began his career at the Aktobe Pedagogical Institute, now Zhubanov University.

Konstantin Valentinovich is an eyewitness of all educational reforms and events that have taken place at the university over the years. He devoted 55 years of his life to the professional education of several generations of Kazakhstanis. KV Tskhai has published over 60 scientific papers in international and republican journals. Hundreds of his students teach in educational institutions of Kazakhstan.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Қазақстанда тұңғыш рет қазақша Балалар әдебиетінің антологиясының 10 томдығы басылып шықты. Оны құрастырған журналист, ақын Байбота Қошым-Ноғай (Байбота Серікбаев).

"Қазақ балалар әдебиетінің антологиясын" ұзақ жылдар бойы құрастырып едім. Мұндай кітаптар Ресейде «Антология русской детской литературы» (6 том), «Антология мировой детской литературы» (8 том) деген атпен әлденеше рет басылып шыққан. Он томдық «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясына» бай ауыз әдебиетіміздегі балаларға арналған шығармалар, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлынан бастап Әдина Жүсіп, Елдос Тоқтарбай, Еділбек Дүйсеновке дейінгі ақын-жазушылардың өлеңдері, тақпақтары, санамақтары, мазақтамалары, жұмбақтары, жаңылтпаштары, әңгімелері, мысалдары, ертегілері, хикаяттары тәрізді әр алуан жанрдағы туындылары енді. Антологияда авторлардың шығармаларымен қатар фотосуреттері, қысқаша өмірбаяны қоса берілгенін айта кетейін. Қазақ кітап өндірісінде тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл антология балаларға ғана емес, әрбір ата-ана, балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері – жалпы бала тәрбиесіне бейжай қарай алмайтын исі қазаққа өте қажет екенін өздеріңіздің түсініп отырғандарыңызды әлеуметтік желіде жазған тілектеріңіз бен пікірлеріңізден байқадым", — деп жазды Facebook әлеуметтік желідегі парақшасында.

Балалар әдебиетінің антологиясы еліміздің кітапханаларына таратылады. Сондай-ақ Алматы қаласындағы "Әдебиет" баспасынан үстемесіз бағамен сатып алуға болады.

"Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы" Ресейдегі балалар антологиясынан 1,5 есе арзан бағаға сатылымда, 10 томының бағасы — 25000 теңге.

Байбота Қошым-Ноғайдың өлеңдері, публицистикалық туындылары, ғылыми-танымдық мақалалары республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып, көптеген ұжымдық жинақтарға енген. «Тіршілік ұясы» атты кітабы үшін 1988 жылы Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты атанды. Шетел ақындарының өлеңдері мен ежелгі түркі поэзиясын тәржімалауға ат салысқан танымал автор.

АНТОЛОГИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Впервые в Казахстане издано 10 томов антологии казахской детской литературы. Составитель журналист, поэт Байбота Кошым-Ногай (Байбота Серикбаев). «Я много лет занимаюсь составлением «Антологии казахской детской литературы». Такие книги неоднократно издавались в России под названиями «Антология русской детской литературы» (6 томов), «Антология мировой детской литературы» (8 томов). Десятитомник «Антология казахской детской литературы» богат стихами, поэмами, графами, прибаутками, загадками, сказками и рассказами в различных жанрах под авторством писателей и поэтов, начиная от Ибырая Алтынсарина, Ахмет Байтурсынова до Адина Жусип, Елдоса Токтарбай, Едилбека Дуйсенова. Хочу отметить, что в антологию вошли помимо произведений авторов, их фотографии и краткая биография. Эта антология, изданная впервые в казахстанской книжной отрасли, предназначена не только для детей, но и для каждого родителя, воспитателя детского сада, школьного учителя», - написал на своей странице в социальной сети.

Антология детской литературы будет распространена в библиотеках страны. Также будет бесплатно доступна в издательстве «Адебиет» в Алматы.

«Антология казахской детской литературы» реализуется в 1,5 раза дешевле, чем детская антология в России. Цена за 10 томов составляет 25 000 тенге.

Стихи, публицистические произведения, научные и просветительские статьи Байботы Кошым-Ногая публиковались в республиканских периодических изданиях и вошли во многие коллективные сборники. В 1988 году за книгу «Гнездышко жизни» удостоен премии Союза молодежи Казахстана. Он известный автор переводов стихов зарубежных поэтов и древнетюркской поэзии.

ANTHOLOGY OF CHILDREN'S LITERATURE

For the first time in Kazakhstan, 10 volumes of an anthology of Kazakh children's literature were published. Compiled by journalist, poet Baibota Koshym-Nogai (Baibota Serikbaev). “For many years I have been compiling the Anthology of Kazakh Children's Literature. Such books have been repeatedly published in Russia under the titles "Anthology of Russian Children's Literature" (6 volumes), "Anthology of World Children's Literature" (8 volumes). The ten-volume "Anthology of Kazakh Children's Literature" is rich in poems, poems, graphs, jokes, riddles, fairy tales and stories in various genres under the authorship of writers and poets, ranging from Ibyray Altynsarin, Akhmet Baitursynov to Adina Zhusip, Yeldos Toktarbay, Edilbek Duysenov. I want to note that in addition to the works of the authors, the anthology includes their photographs and a brief biography. This anthology, published for the first time in the Kazakhstani book industry, is intended not only for children, but also for every parent, kindergarten teacher, school teacher,” he wrote on his page on the social network.

An anthology of children's literature will be distributed in the country's libraries. It will also be available free of charge at the "Adebiet" publishing house in Almaty. The Anthology of Kazakh Children's Literature is sold 1.5 times cheaper than the children's anthology in Russia. The price for 10 volumes is 25,000 tenge.

Poems, journalistic works, scientific and educational articles by Baibota Koshym-Nogai were published in republican periodicals and were included in many collective collections. In 1988, for the book "The Nest of Life" he was awarded the prize of the Union of Youth of Kazakhstan. He is a well-known author of translations of poems by foreign poets and ancient Turkic poetry.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ҮШІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Үлкен ұжым ішінде конфликтология, тұлғааралық қатынастар, кәсіби деформация және дағдарыс т.б. мәселелері болуы мүмкін. Психикалық денсаулықты сақтай алуға тұлғаның кейде ішкі ресурсы жетпей жатады. Қазіргі қай саласы болмасын бәсекелестігі жоғары заманда өмір сүру заңы қатал. Сондықтан психологтың көмегі дер шағында демеу болары анық. Zhubanov University ұжымы үшін ашылған тегін Психологиялық қызмет көрсету орталығының ашылу мақсаты білім алушы жастарды және оқытушыларды мазалаған сұрақтарына жауап беріп, жан үйлесімін құруға жәрдемдесу. Маманмен кездесуді шешімі табылмаған мәселенің тұрпатына қарай құпия жүргізу де қарастырылған. Университет ректоры Лаура Қарабасова "21 ғасыр – психология ғасыры.

Мағжанның (Жұмабаев) сөзімен айтқанда, психология – адам жанының жайын, жан тұрмысын, жан күштерін, жан көріністерін, ақыл-қайрат, көңілдің жайын баяндайтын кітап. Ағартушы пікірі өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ. Бүгінде, еңбек адамының кәсіби білім-біліктілігімен қатар, өнімді еңбек қылуы үшін эмоционалды күйі де аса маңызды. Осы тұста, университетіміздің студенттері мен оқытушылар құрамына психологиялық қызмет көрсету мақсатында орталық ашылғанын қуана хабарлаймын. Аталған орталықта студенттер мен оқытушылар жеке терапиядан өтіп, жабық терапиялық топтарға қатысып, тренингтер мен семинарларда өзін жаңа қырынан дамыта алады. Орталықта психоанализ бағытындағы практик-психологтар қызмет көрсетеді. Алдағы уақытта Орталық Азияның Психоанализ Институтымен бірлескен ауқымды іс-шаралар жоспарлануда", — дейді.

Психологиялық қызмет көрсету орталығының практик-психологтары Жандос Нұрлыбай, Дина Бекенова, Анна Гниденко, Мәнсия Баубекқызы алғашқы келушілерді қабылдауға әзір.

ДЛЯ СОТРУДНИКОВ УНИВЕРСИТЕТА ОТКРЫТ ЦЕНТР ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

Внутри большого коллектива могут быть проблемы конфликтологии, межличностных отношений, профессиональной деформации и кризиса. Психическому здоровью порой не хватает внутреннего ресурса личности. Высокая конкуренция диктует жесткие законы выживания. Поэтому помощь психолога всегда актуальна. Целью открытия центра бесплатного психологического обслуживания сотрудников Zhubanov University является содействие в создании гармонии души, отвечая на волнующие вопросы обучающихся и преподавателей. Встреча со специалистом будет конфиденциальной в зависимости от типа нерешенного вопроса. Ректор университета Лаура Карабасова отметила, что "21 век - это век психологии. По словам Магжана Жумабаева, психология – это книга, в которой рассказывается о жизни человека, его силах, проявлениях, разуме, настроении. Мнение просветителя еще не утратило своей актуальности. Сегодня, наряду с профессиональными знаниями и умениями человека, для продуктивного труда очень важно эмоциональное состояние. С радостью сообщаю, что в целях оказания психологических услуг студентам и преподавательскому составу нашего университета был открыт центр. Здесь студенты и преподаватели могут пройти индивидуальную терапию, принять участие в закрытых терапевтических группах, развить себя на тренингах и семинарах. В центре работают психологи-практики психоанализного направления. В дальнейшем запланированы масштабные совместные мероприятия с Институтом психоанализа Центральной Азии".

Психологи-практики Центра психологического обслуживания Жандос Нурлыбай, Дина Бекенқызы, Анна Гниденко, Мансия Баубековна готовы принять первых посетителей.

A PSYCHOLOGICAL SERVICE CENTER HAS BEEN OPENED FOR UNIVERSITY STAFF

Within a large team, there may be problems of conflictology, interpersonal relationships, professional deformation and crisis. Mental health sometimes lacks the internal resource of the individual. High competition dictates strict laws of survival. Therefore, the help of a psychologist is always relevant. The purpose of the opening of the center for free psychological services for employees of Zhubanov University is to assist in creating harmony of the soul by answering the questions of students and teachers. The meeting with the specialist will be confidential, depending on the type of unresolved issue. Rector of the University Laura Karabasova noted that "the 21st century is the century of psychology. According to Magzhan Zhumabayev, psychology is a book that tells about a person's life, his powers, manifestations, mind, mood. The opinion of the educator has not yet lost its relevance. Today, along with professional knowledge and skills of a person, an emotional state is very important for productive work. I am pleased to inform you that in order to provide psychological services to students and teaching staff of our university, a center has been opened. Here students and teachers can undergo individual therapy, take part in closed therapeutic groups, develop themselves at trainings and seminars. Psychologists-practitioners of the psychoanalytic direction work in the center. In the future, large-scale joint events with the Institute of Psychoanalysis of Central Asia are planned."

Psychologists-practitioners of the Psychological Service Center Zhandos Nurlybai, Dina Bekenova, Anna Gnidenko, Mansia Baubekovna are ready to receive the first visitors.

Жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған ЖОО және ҒЗ институттары форумы еліміздегі білім мен ғылымның интеграциясын нығайту мәселелеріне арналды. Форумға ЖОО ректорлары, ғылыми-зерттеу ұжымдарының басшылары, жас ғалымдар қатысты. Форумда тақырыпқа байланысты баяндамалар тыңдалып, ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу институттары арасында ресми түрде ынтымақтастық меморандумына қол қою рәсімі өтті.

Форумға қатысқан Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова маңызды құжаттарға қол қойды. Бұл туралы ЖОО басшысы Facebook парақшасында жазды. «Бүгін біз еліміздің үш жетекші ғылыми-зерттеу институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың қатысуымен еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары басшыларының басқосуы жаңа идеяларды жүзеге асыру алаңы болды.

Біз ҚР БҒМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институтымен, Металлургия және кен байыту институтымен, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен ынтымақтастық туралы келістік. Ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық білім мен ғылымды интеграциялау арқылы университеттің әлеуетін нығайтады. Бірлескен жұмыс ғылыми көрсеткіштерді жақсартуға, бірлескен ББ құруға, іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін студенттер мен оқытушылар арасында таратуға және бірлескен диссертациялық кеңестер құруға ықпал етеді.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми жобаларға қатысуы және ғылыми-зерттеу институттарында тағылымдамадан өтуі арқылы олардың ғылыми-зерттеу қызметін жүргізудегі құзыреттілігін арттыру мәселесі ынтымақтастық келісім-шартындағы жеке тармақ болып табылады», — деді Л.Қарабасова.

Форумда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Жаңа Қазақстан» құруда білім мен ғылым саласының ерекше екенін, бұл сала алдында Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаев қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін үлкен жұмыстар жасау керектігін айтты. «Әрине біраз жасалған жұмыс бар. Біздің елімізде іргелі зерттеулермен айналысатын ғылыми институттар жұмыс істейді. Олардың нәтижелері де жақсы», — деген министр пандемия кезінде вакцина ойлап тапқан ғалымдарымыздың еңбегіне тоқталып, дәл сондай нәтижелердің алдағы уақытта жиі куәсі болуымыз қажеттігін тапсырды. «Білім, ғылым және өндіріс, осы үштікті бірге алып жүру, олардың бір-бірімен тығыз қатынасы болуы және тиісті нәтиже беруі біз үшін маңызды болып тұр», — деді министр А.Аймағамбетов.

Гүлнара Дауылбайқызы

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ 11-СЫНЫП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- ✓География
- ✓Тарих
- ✓Музыка және хореография
- ✓Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау, дизайн
- ✓Педагогика және психология
- ✓Техника
- ✓Физика, математика және информатика
- ✓Химия
- ✓Экономика және құқық
- ✓Қазақ тілі мен әдебиеті
- ✓Орыс тілі мен әдебиеті
- ✓Ағылшын тілі

Байқауға барлық облыс, аудан, қала мектептері қатыса алады. Үздік танылған жеңімпаздар төмендегідей жүлде қорымен марапатталады.

✓I орын жеңімпазына – Қ.Жұбанов атындағы білім беру гранты

✓II орын жеңімпазына – оқу ақысына 50% жеңілдік

✓III орын жеңімпазына – оқу ақысына 35% жеңілдік

Барлық қатысушыларға қатысқандығы туралы сертификаттар беріледі.

✓Тіркелу — 01-20 ақпан аралығында.

Байқау 21-28 ақпан аралығында өткізіледі.

Қатысу ережелері zhubanov.edu.kz сайтында орналастырылған. Толық ақпарат: +77475183583

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі: ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор Гүлнара Қараша

Аударма шы Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер: Айгерім Нуршина

Фотограф: Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы: 030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail: gazetaZhU@mail.ru

Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды